

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и
науки Республики Казахстан**



Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы 22 қаңтар – 1 наурыз

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы алғаш рет қашықтық форматында Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын (бұдан әрі – Жоба) іске асырады.

Жобаның мақсаты толеранттылықты тәрбиелеу және әртүрлі халықтардың мәдени дәстүрлерін зерттеу арқылы балалардың бойында рухани-адамгершілікті дамыту, қазақтардың және барлық этностардың бір-біріне және қазақтарға алғыс айтуы, мейірімділік, достық және барлық қазақстандықтардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі негізінде көпұлтты Қазақстанның бірлігін сақтау және дамыту.

Жоба Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша іске асырылуда.

Республиканың барлық білім беру ұйымдарында қашықтан мерекелік іс-шаралар, танымал адамдармен, ардагерлермен кездесулер, көрмелер, байқаулар өткізу жоспарланған.

Жобаны іске асыру балалардың толерантты қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, тұрақтылықты, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтуға, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік моделін одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Жоба шеңберінде мына республикалық іс-шаралар өткізіледі:

2021 жылғы 22 қаңтар – 26 ақпан аралығында – ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар арасында «Шексіз шығармашылық» республикалық қашықтан өткізілетін байқау;

2021 жылғы 23-26 ақпан аралығында жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебаттық турнирі;

2021 жылғы 17 ақпан – 1 наурыз аралығында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында «Қазақстан – менің алтын бесігім» республикалық балалар фестивалі.

Балалардың аталған іс-шараларға қатысуы көркем және сәндік-қолданбалы өнер арқылы олардың тұлғалық ресурстарын іске асыруға, шығармашылық әлеуеттері мен жеке мүмкіндіктерін дамыту процесінде өздерінің даралығын сезінуіне, толеранттық, достық және бір-біріне деген құрмет, Қазақстандағы этносаралық келісім мен ұлтаралық байланысты бекіту басты тақырыбы болатын зияткерлік байқаулар мен құрылымдық пікірсайысты насихаттауға ықпал етеді.

Іс-шаралар қашықтық форматта өткізілуіне қарамастан, оларға қатысу балаларға жағымды эмоциялар сыйлайды.

Іс-шараның қорытындысы бойынша жеңімпаздарға сыйлықтар жолданады. Жеңімпаздарға дипломдар, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар, барлық қатысушыларға – сертификаттардың электрондық нұсқалары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

Қосымша ақпарат үшін мына телефондарға хабарласуға болады: +7 (7172) 64 27 32; 64 27 31; 64 27 22; e-mail: rumcdo_nton@mail.ru.